



Қазақстан қор биржасы
Казахстанская фондовая биржа
Kazakhstan Stock Exchange

Республика Казахстан, г. Алматы
БЦ "Алматы Тауэрс", 8 этаж
Тел.: +7 (727) 237 5342, email: pr@kase.kz

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

12 қыркүйек 2018 жыл

KASE және Bloomberg "BLOOMBERG DAY ON KASE" дөңгелек үстел өткізді

"Қазақстан қор биржасы" (KASE, Биржа) және Bloomberg компаниясы бірлесіп, "Bloomberg Day on KASE" дөңгелек үстелін өткізді.

Іс-шараның мақсаты аудиторияны инвесторлармен және өзге мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттесу аясындағы замани тенденциялармен, сондай-ақ компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыруға арналған құралдармен таныстыру болды.

Алғы сөзбен іс-шараны KASE Басқарма Төрайымының орынбасары Наталья Хорошевская ашты.

Дөңгелек үстел шегінде Bloomberg аймақтық менеджерлері Абылай Аманбаев және Болат Юсупов инвесторларды тарту және олармен жұмыс жүргізуге арналған IR Bloomberg құралдары туралы және Bloomberg терминалының мүмкіндіктері туралы әңгімеледі.

Дөңгелек үстелге қатысушылар инвестициялық шешімдерді қабылдауда компанияның қызметі туралы қаржылық емес ақпараттардың рөлін талқылады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz